



ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
ТҰҢҒЫШ ПРЕЗИДЕНТІ - ЕЛБАСЫНЫҢ ҚОРЫ

«ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ БІЛІМ – 2017»

студенттер мен жас ғалымдардың
XII Халықаралық ғылыми конференциясының
БАЯНДАМАЛАР ЖИНАҒЫ

СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ

XII Международной научной конференции
студентов и молодых ученых
«НАУКА И ОБРАЗОВАНИЕ – 2017»

PROCEEDINGS

of the XII International Scientific Conference
for students and young scholars
«SCIENCE AND EDUCATION - 2017»



14th April 2017, Astana



**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ
Л.Н. ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ ЕУРАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ**

**«Ғылым және білім - 2017»
студенттер мен жас ғалымдардың
XII Халықаралық ғылыми конференциясының
БАЯНДАМАЛАР ЖИНАҒЫ**

**СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ
XII Международной научной конференции
студентов и молодых ученых
«Наука и образование - 2017»**

**PROCEEDINGS
of the XII International Scientific Conference
for students and young scholars
«Science and education - 2017»**

2017 жыл 14 сәуір

Астана

УДК 378

ББК 74.58

Ғ 96

Ғ 96

«Ғылым және білім – 2017» студенттер мен жас ғалымдардың XII Халықаралық ғылыми конференциясы = The XII International Scientific Conference for students and young scholars «Science and education - 2017» = XII Международная научная конференция студентов и молодых ученых «Наука и образование - 2017». – Астана: <http://www.eni.kz/ru/nauka/nauka-i-obrazovanie/>, 2017. – 7466 стр. (қазақша, орысша, ағылшынша).

ISBN 978-9965-31-827-6

Жинаққа студенттердің, магистранттардың, докторанттардың және жас ғалымдардың жаратылыстану-техникалық және гуманитарлық ғылымдардың өзекті мәселелері бойынша баяндамалары енгізілген.

The proceedings are the papers of students, undergraduates, doctoral students and young researchers on topical issues of natural and technical sciences and humanities.

В сборник вошли доклады студентов, магистрантов, докторантов и молодых ученых по актуальным вопросам естественно-технических и гуманитарных наук.

УДК 378

ББК 74.58

ISBN 978-9965-31-827-6

©Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия
ұлттық университеті, 2017

6. А.Иүгінеки Ақиқат сыйы. – Алматы: Ғылым, 1975. 252б.
7. Уәлиханов Ш. Таңдамалы. – Алматы: «Жазушы», 1985. – 560 б.
8. Бурбаев Т.Қ. Қазақ менталитетінің қазіргі кездегі даму ерекшеліктері: әлеуметтік-философиялық талдау. Докт.дисс.авторефераты. Астана, 2004.
9. Калиев С. Изғұттынова Р. Жексенбаева Г. Тәлім-тәрбие хрестоматиясы. – Алматы: “Рауан”, 1996, 104 бет.
10. Жұматаева Е. Қазақстан майдангер жазушыларының шығармалары арқылы оқушыларға патриоттық тәрбие беру: пед. ғыл. канд.автореф.:13.00.01. – Алматы, 1995. – 21-22 б.
11. ЛурдесР.Кисумбинг.Ценностиобразованиядлячеловеческой солидарности.Президент, Азиатско-Тихоокеанской международной образовательной организации. Бывшийминистр образования, Филиппины. //Интернет-журнал «Науковедение» № 7, 2013.
12. Ғарифолла Есім: Қазақ елін мәңгілік ететін – Жақсы Қазақ! Вақ.kz 22 Қаңтар 2014.
13. Сәрсенбаев Н. Әдет-ғұрып, дәстүр және қоғамдық өмір.- <http://new.kaznpu.kz/docs/tarbie/saltdastyr.doc>
14. Арын М. Бес анық.-Алматы: Арыс.-1996.-120.
15. Назарбаев, Н. Еркін елдің ертеңі: жастарға арналған қайын кітап / Нұрсұлтан Назарбаев; "Назарбаев орталығы" көпфункционалы ғылыми-талдамалық және гуманитарлық-ағартушылық мемлекеттік мекемесі.- Астана: Назарбаев орталығы, 2013.- 257 б.

ӘОЖ: 776.99.

РЕГБИ ОЙЫНДАҒЫ ЖЕКЕ ҚОЗҒАЛЫСТАР ТЕХНИКАСЫ

Тәңірберген Маралхан Тәңірбергенұлы

maralkhan95@bk.ru

Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің дене шынықтыру және спорт кафедрасының оқытушысы, Астана, Қазақстан
Ғылыми жетекшісі – С.Дюсенов

Кез-келген дүниені, не болмаса құбылысты толыққанды тану үшін әуелі пайда болуына, даму тарихына үңілу қажет. Регби спорт түрі ең бірінші Англияда пайда болған. Бастапқы ағылшынша «регби-футбол» деп аталып, заман көшімен екі арнаға бөлінген спорт түрлерінің тарихи тамыры ортағасырдан бастау алады. Шындығында, одан бері қанша уақыт өтті. Сол уақыт аралығында бұл ойын түрлері сан алуан өзгеріске ұшырады. Әуел баста ортағасырлық қала көшелерінде ережесіз топ-топқа бөлініп, допты қарсы топқа қарай тебетін болған. Қарсы топты жеңіп шығып үшін допты тепкен, лақтырған, ұстап алып, оза шабу үшін қолдарынан келгеннің бәрін жасаған. Тіпті, бұл жайтқа таңданысын жасыра алмаған француз азаматы: «Егер, ағылшындықтар бұл спорт түріне осылай берілсе, маңызды жұмыстарды қалай атқаратын ойлаудың өзі қорқынышты», - деген.

Шындығында, бұндай матчтың түбі жақсылыққа апармайтын болған. II Эдуард, II Ричард, III Эдуард кезінде «топтанған футбол-регбиге» қарсы қатаң заңдар қолданған. Корольдердің пікірінше, спорт түрі көшедегі бұзақылықтың өршуіне себеп болған және басқа жұмыстарға кедергі келтірген[1].

Уақыт өте ойын бір қалыпқа келе бастады, ережелер құрылып, арнайы орындарда ойнатылатын болды. 1823 жылы 7 сәуірде Регби қаласы колледждерінің бірінде он алты жасар студент Уильям Вэбб Эллис допты қолымен ұстап қарсыластарынан қашқан. Ол – ойын ережелеріне сай келмегенімен, жаңа спорт түрінің пайда болуына себепкер болған. Міне, осы күн спорт тарихындағы айтулы даталардың бірі.

«Бұл тақта ең алғаш рет ережені бұзып, допты қолына ұстап жүгірген Уильям Вэбб Эллисті еске алу тақтасы болсын. Регби ойыны 1823 жылы осылай дүниеге келген», - деген жазуы бар тақта Регби қаласында күні бүгінге дейін бар.

Эллис өзі алғаш регби ойындарын ұйымдастырды, ережелер орнатты, тіпті, команда құрамындағы адамдар санын 10 адамға дейін қысқартты. Регбиге арналған алғашқы ережелер 1846 жылы шығарылды. Ереже шыққанмен, оны адамдар әрқалай ойнады. Кейбірі – қолмен, ал кейбірі – аяқпен.

Бұл талас 1863 жылдың 26 қазанына дейін жалғасты. 1863 жылы 26 қазанда болған «Ерікті адам» жиналысында футбол мен регбиді біржолата бір-бірінен ажыратып алды. Футбол ойындарында тізеден жоғары жерге доп тимеу керек болса, регбиге рұқсат етілді.

Әр ойыншы негізгі техникалық тәсілдерді меңгеруі керек. Техникалық тәсілдер мыналар: доппен жұмыс (қолмен ойнау), алаңда доппен қозғалыс жасау, жүгіріс ритмін өзгертіп отыру, допты алу үшін күштік күресуді қолдану, ұстап алу, сол және оң аяқпен допты соғу. Жеке техникалық тәсілдер көп емес. Әр ойыншы өзінің жеке техникалық тәсілдерін жоғары дәрежеге жеткізе алатыны белгілі. Бұл ойыншының назарын тактикалық орындауға аудартпайды, ойыншының назарын күрестегі тактикалық шешімдерге аудартады. Техникалық тәсілдер кезінде баптаушы ойын қателерін мезгілінде аңғара білуі керек. Жеке техникалық қозғалыстыр техникасына кіретін әр элемент дұрыс орындалмаса, ойын әсерлі болмайды. Мысалы, «коридордағы» ойын техникасы мыналардан тұрады: құлату, секіру және допты ұстау, қысқа, орташа және ұзыннан құлату. «Коридордағы» ойында қандай командада болмасын сәттілікке қол жеткізу өте қиын. Үстінде аталып өткен элементтердің ешқайсысы дұрыс әрі нақты орындалмаса. Ойыншылардың техникалық қозғалыстарын баптаушы қадағалап отыруы қажет[2].

Қол ойыны

Регби ойынының техникалық тәсілдердің бірі қолмен пас беру болып саналады. Осы тәсілді орындау үшін ойыншының басқа ойыншыға пас берудің нақты болуы қажет. Жақсы пас беру үшін допты екі қолмен ұстауды үйренумен қатар, жан-жақтағы ойыншыларға қарап отыруы керек. Допты алу тәсілі кезінде қолды допқа қарама-қарсы бағыттау керек. Пасты алу тәсілдеріне бірнеше қарапайым мысалдар келтірейік:

- 1) А, Б, В ойыншылары әртүрлі бағыттарда «шаршыда» қозғалып келе жатыр. Бүкіл алаңда (10х10) ойыншы қозғалып, допты бір-біріне беріп әртүрлі бағытта беріп жатыр;
- 2) дәл солай, бірақ пас оң жаққа екі қолмен беріледі;
- 3) дәл солай, бірақ пас сол жаққа екі қолмен беріледі;
- 4) дәл солай, бірақ пас сол және оң жаққа екі қолмен бастың үстімен беріледі;
- 5) дәл солай, бірақ пасты тізеден төмен орындау керек;
- 6) және Б ойыншылары В ойыншысынан «шаршының» басқа бөлігінде орналасқан. Ақырғы ойыншы қозғалып келе жатқан А және Б ойыншыларына бағытталған әртүрлі пас түрлерін орындайды;

7) 6 мысалдағыдай А ойыншысы пасты Б ойыншысына береді, сосын Б және В ойыншыларының жаулап алуын ұстанады. Б ойыншысы А ойыншысына пас береді, ал А ойыншысы оны В ойыншысына береді. Әрі қарай ойыншылар ауысып отырады. «Шаршыдағы» жаттығуларды қолдану арқылы баптаушы белгілі уақыт арасында ойыншылардың жіберген қателерін түзетіп отыруы керек. Және де жаттығулардың жылдамдығын үлкейтіп отыруын қадағалап, жаттығуларды уақытқа тексеру керек. Мысалы 20-30 секунд арасында неше пас беретінін қадағалау.

Келесі дайындықтарда жаттығу формасын сақтап, пас беруге кедергі жасап отырған ойыншыны қарсыласты шығарып отыру керек. Бұл кезде пас алмаған ойыншы өзінің командаласынан пас алуға тырысу керек. Осы кезде ойыншыға үстіңгі шабуылдарды үйрету керек, ол ойыншы қорғаушы рөлін атқарады[3].

Бұл тәсіл кезінде допты ұстап тұрған ойыншыға доппен ойнату мүмкіндігін сақтап қалуды үйрету өте қажет. Бұл үшін ойыншы аяқтарын созып, қатты бүгіп тұру керек. Егер допты ұстап тұрған ойыншының қолдары байланып тұрса, жанындағы ойыншы допты жұлып алу керек. Бұл жерде келесі жайттарды ескеру керек:

– допты ұстап тұрған ойыншыдан белгілі бір қашықтықта тұру керек, әрі мынадай ережені ұстану керек - сол иықпен сол жаққа немесе оң иықпен оң жаққа;

– допты дұрыс ұстап алу үшін (пасты қабылдау үшін), қолды әрі қарай созып, допты нық ұстап алу керек.

Осыдан кейін жаттығулар формасын өзгертіп, шаршы ауданын ұлғайтуға болады. Мысалға 3 жаулап алушы 2 қорғаушыға қарсы ойынын алайық. Осы жаттығу кезінде допты ұстап тұрған ойыншы өз уақытында допты дұрыс беру шешімін қабылдау керек. Ойынның барлық шарттарын орындау үшін, шаршының ауданын үлкейтуге болады. Мысалы: көлденеңнен 3 шаршы, тігінен 2 шаршы (шаршының бір жағы 10 м) Ойыншылар саны сол қалпында қалады, яғни 3х2. Осы пасты артқа қарай ғана беруге болады, ал шабуылдар үстіңгі ғана болу керек[4].

Кейінгі кезде ойыншылар санын 6 ойыншыға дейін көбейтуге болады (6 ойыншы әр командада) және шаршы ауданын үлкейтуге болады. Осыған орай қарапайым жаттығу түрлері күрделіне түседі. Жаттығулардың күрделінуіне байланысты жаттығулар шарттары жарыс дайындықтарына жақындай түседі.

Ойыншыларға мынаны білу қажет:

- 1) пас өте жылдам әрі нақты болу керек, өйткені қорғанып тұрған қарсылас өте тез қозғалумен, допты жұлып ала алады;
- 2) допты ұстап алған ойыншы пасты кез-келген жағдайда беруге дайын болу үшін, өз командаластарының ылғи алдында жүруі керек;
- 3) допты ұстап алған ойыншы қарсыластың жолағымен түзу қозғалу керек. Ал олай қозғалмаса, қарсыластың допты алып алу мүмкіндігі өседі.

Жүгіріс

Регби ойынында түзу бойымен жүгірумен қатар, жүгіру бағытын жылдам өзгерту тәсілдері қолданылады.

Доппен және допсыз жүгіруге болады.

Доппен жүгіру

Бұл тәсілді алға қарай қозғалып бара жатқан ойыншы қарсыласты жетіп алуға тырысады, содан кейін аяқтан шалып, допты алу мақсатымен шабуыл жасайды. Қандай ойыншы болмасын, қорғаушы немесе шабуылға алға қарай қозғалу тәсілін жақсы біліп, сапалы меңгеру өте қажет. Сондықтан регби ойынында шабуылшы қорғаушы қызметін атқара алады немесе керісінше. Әртүрлі маневрлер жасауға мыналар кіреді: тез арада шабуыл бағытын өзгерту, алдамшы қозғалыстар (финт) жасау. Осы тәсілдерді меңгеріп алғаннан кейін, ойыншылардың жеңіп алу мүмкіндіктері өседі. Осындай күрес кезінде әр ойыншы жеңіске жету үшін өзінің жеке-дара тәсілдерін іздеу керек.

Бір жаққа қадам жасау. Осы тәсіл көбінесе жақындаған қарсылас ойыншыдан құтылу үшін қолданылады.

Тәсілді орындау үшін мыналар керек:

а) допты екі қолмен ұстап тұрып, дене ауырлығын бір аяқтан екінші аяққа аудару керек, содан кейін тез арада сол немесе оң жаққа қарай бағытты өзгерту керек. Осындай қысқа әрі алдамшы қадам қарсыластан құтылудың жеңіл жолы. Тірек аяқпен итеріс жасау. Бұл әдіс жүгіріс бағытын өзгертуге мүмкіндік береді;

б) жылдамдықты өзгерту керек. Бұны алдамшы қадамнан кейін жасау керек, бұл екінші қарсыластан құтылуға мүмкіндік береді. Қарсылас пен ойыншы арасындағы ара қашықтық допты ұстап жүрген ойыншының жылдамдығына байланысты.

Жүгіріс бағытын өзгерту (финт). Бұл тәсіл қарсыласты алдау мақсатымен қолданылады. Шаршының бір жағында орналасқан ойыншыға осы тәсілден кейін жылдамдықты үдету керек. Жақсы қолданылған бұл тәсіл қарсыласты шатастыруға әкеледі. Бұл тәсіл жүгіріс бағытын өзгертудің 2 түрінің көмегімен орындалады: ішке қарай және сыртқа қарай. Бұл үшін иықпен қозғалу ғана жеткілікті болады. Бірінші рет ойыншылар бұл тәсілді өздігінен жасауға тырысады. Жүгіріс бағытын ешқандай қарсылассыз орындайды. Осыдан кейін қарсыластық енгізіледі (1х1 ойыны). Қорғаушы берілген сызық бойымен қозғалып, жаулап алушы ойыншыға жеңіл қарсыластық көрсетеді. Осы қарсыластықтан кейін жылдамдық

максималды түрде өседі, жылдамдық өскеннен кейін қарсыластың ойын шарты ретінде өзгеруі басталады.

«Қол».Бұл тәсіл қарсыласқа қосымша тәсіл ретінде қолданылады. Шабуыл жасап жатқан ойыншыға қарсылас жасауға өте қолайлы болады. Бұл кезде шабуылшы ойыншы аяқ күшін жақсы қолданбайды.

«Қол» тәсілін қолданып жатқанда допты арғы жақта тұрған қолға ауыстыру керек, бірақ бұл тәсілді қарсылас біліп қоймау үшін соңғы кезде жасауға үлгеру керек. Осымен қатар, ойыншы қарсыластардан қолын бүгіп алып, иықпен итерілу керек.

Допсыз жүгіру

Регби ойынынан өткізілетін маттарда жиі көрініп қалатын жайттар бар. Солардың бірі доппен жүгіріп бара жатқан ойыншының көмексіз немесе көмектің кешігіп қалғандығы. Тәжірибесіз ойыншыға допсыз жүгіру өнері өте қиынға түседі. Доппен жүгіріп бара жатқан футболшыға қарағанда, регбист ойынының көп уақытын (79 минуттан жоғары) доппен жүгіріп бара жатқан ойыншының артында жүгіруге тура келеді. Тәжірибесі аздау регбист пасты беріп болған соң, пасты алған ойыншының артынан жүгіруге тырыспайды. Жоғары дәрежеде өткізілетін ойында да бұл жайт көптеген қауым көзіне түседі. Қолдағы допты артқа ғана беру ойынында бұл жайтты ойыншының негізгі жетіспеушілігі деуге болады. Артқы пасты алған ойыншы алға қарай қозғалу керек. Допты жоғалтып алмау үшін, яғни допты алға беріп қалмау үшін (бұндай қателік тәжірибелі ойыншылар арасында кездесуі мүмкін) шабуылшы ойыншы нақты әрі күшті қозғалыстар жасау керек. Шабуыл жасап жатқан ойыншыларда топта үш байланыс сызығы бар. Бірінші шабуыл сызығындағы ойыншыда екі жақпен де доппен ойнау мүмкіндігі болу керек. Екінші шабуыл сызығындағы ойыншылар флангтағы өзінің командаластарының қимылдарына көмек көрсетіп, жанында орын алу керек. Үшінші шабуыл ойыншыларында екінші шабуыл сызығына орналасу мүмкіндігі болу керек[5].

Қорыта келе техникалық дайындық бірте - бірте іске асырылады және бірнеше фазалардан тұрады. Оқытушы, баптаушы немесе нұсқаушы техникалық дайындықты жүйелеу керек. Жүйелеу берілген ойыншылар жасына сай болу үшін қажет. Бұл жерде техниканы меңгеру, техникалық тәсілдерді үйрену тактикадан бөлек болуын ескеру керек. Осыдан шығады, белгілі бір элементті үйрену, ол үйрену бір орында немесе ойында болмасын, ойын ережелерін үйрену мен ойынның тактикалық негізімен байланысты болу керек.

Қолданылған әдебиеттер тізімі

1. Sport, Fitness and Leisure. *New Zealand Official Yearbook*. Statistics New Zealand (2000). Проверено 21 июля 2008.
2. Джиффорд (2004), стр. 27.
3. Hill, Ruth. Protests a turning point in the history of New Zealand, nzherald.co.nz (8 July 2006). Проверено 15 ноября 2006.
4. Gallagher, Brendan. The day a Russian prince in an England shirt beat New Zealand, *The Daily Telegraph* (3 November 2006). Проверено 2 ноября 2006.
5. Паленски (2003), стр. 269.